**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы екінші тоқсандағы мәжілістерінде қаралатын мәселелердің тізбесі туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 1 сәуір N 21-ө

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы екінші тоқсандағы мәжілістерінде қаралатын мәселелердің тізбесі бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілістерінде қаралатын материалдардың уақтылы дайындалуын және енгізілуін қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2002 жылғы 1 сәуірдегі
N 21-ө өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы
II тоқсандағы мәжілістерінде қаралатын мәселелердің
Тізбесі

| Күні | Мәселенің атауы | Дайындалуына жауаптылар | Баяндамашылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 23 сәуір | Қазақстан Республикасының 2002 жылғы I тоқсандағы әлеу. меттік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы | Экономика және сауда министрлігі | М.Т.Есенбаев |
| 23 сәуір | Мемлекеттік бюджеттің 2002 жылғы I тоқсанда орында. луының қорытындылары туралы | Қаржы министрлігі | Қ.Н.Келімбетов |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 23 сәуір | Қазақстан Республикасындағы бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортының жай-күйі және оларды одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы | Туризм және спорт жөніндегі агенттік | Д.Б.Тұрлыханов |
| 7 мамыр | 2003-2005 жылдарға арналған агроазық-түліктік мемлекеттік бағдарламаның жобасы туралы | Ауыл шаруашылығы министрлігі | А.С.Есімов |
| 7 мамыр | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы рес. публикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есебін қарау туралы | Қаржы министрлігі | Қ.Н.Келімбетов |
| 7 мамыр | Орталық және жергілікті мем. лекеттік органдардың норматив. тік құқықтық кесімдерін мемлекеттік тіркеудің кейбір мәселелері туралы | Әділет министрлігі | Г.В.Ким |
| 4 маусым | Әскери мүлікті сатудан алынған қаражатты Қарулы Күштердің мұқтаждарына пайдаланудың тәртібі туралы | Қорғаныс министрлігі | М.Қ.Алтынбаев |
| 4 маусым | 2002-2004 жылдарға арналған тариф саясатын жетілдіру туралы | Табиғи моно. полияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік | Е.А.Досаев |

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК